

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

№392

2019 жылғы 1 наурыз

«Ақтөбе қаласында жалпы ауданы 1300 шаршы метр спорттық үй-жайды жалға алу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 163-бабының 2-тармағына, 164-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12717 тіркелген Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру Қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 1 тамыздағы №5 «Жергілікті атқарушы органдардың 2018-2020 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы», нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17318 тіркелген бұйрығына сәйкес және Ақтөбе облысы әкімдігінің бюджеттік комиссиясы отырысының 2019 жылғы 15 ақпандағы №1 хаттамасы негізінде, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімге қосымшаға сәйкес, «Ақтөбе қаласында жалпы ауданы 1300 шаршы метр спорттық үй-жайды жалға алу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша 2016-2026 жылдарға мемлекеттік міндеттемелер қабылдансын.

2. Осы шешім оның қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

Т.ЕСЕНҒҰЛОВ

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

С.ҚАЛДЫҒҰЛОВА

